

А 2008

790 к

АТ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - ТУҒЫРЫҢ

БІЛІМДІДЕН  
ШЫҚҚАН  
СӨЗ



---

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - ТҰҒЫРЫҢ

**БІЛІМДЕН  
ШЫҚҚАН  
СӨЗ**



“Ер-Дәулет”  
Астана  
2007

ББК 94.8

Б 94

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ**

**АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІНІҢ  
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ**

**Пікір жазғандар:**

Мейірхан Ақдәулетұлы, Бауыржан Өтеулиев,  
Айжан Жақсылық.

**Білімдіден шыққан сөз. Құрастыр. /Н. БАЛМАХАНҰЛЫ.**

**Б 94** – Астана: Ер-Дәулет, 2007. – 160 бет.

ISBN 9965-32-475-1

Жинаққа журналистика, баспа және аударма ісі, тіл, жалпы шығармашылық психологиясы туралы 1000-ға жуық афоризмдер, ойлар, сөз орамдары енген. Саясат пен идеология да назардан тыс қалмаған. Ал замандастарымыздың уытты авторлық нақыл сөздері тың ой-толғамдарымен, соны пікірлерімен, пайымдауларымен қызықты.

4201000000  
Б ~~-----~~ хабарландырылған, 2007  
00(05)-07

**ББК 94.8**

ISBN 9965-32-475-1

© Балмаханұлы Н. 2007  
© “Ер-Дәулет”, 2007

## АЛҒЫСӨЗ

Өркениет мұхиты шалқыған, заманауи игіліктер қазақ даласында кең қанат жайған осынау құтты дәуірде материалдық байлығымызбен қатар рухани қазынамыздың да молая түскен үдерісіне бәріміз де куәміз. Қазақ бағзы заманнан – дана. Даналығының сарқылмас қайнар-бұлағы – ол асыл сөзі, нақыл сөзі, мақал-мәтелдері. Бүгінде шығармашылық кеңістікте, жаңашалап айтқанда афористика деп аталатын сала сондықтан да елгезек, ұшқыр ойлы қырбаласы үшін ешбір де таңсық емес. Таралымы көп қазақи басылымдарда, сатиралық журналдарымызда қанатты сөздер легі қашан да бір толастамайды. Ал, соңғы жүрдек жылдар жылнамасына көз жүгіртсек, басқасын айтпағанда, қазақ бабамыздың терең ойы мен сұлу сөзіне ынтық оқырманның көзайымына айналған бір ғана “Ақыл-ой антологиясының” өзі неге тұрады?...

Мен көп жылдар бойы аудандық баспасөзде қызмет еттім. Өз ісіне әбден берілген, аузын ашса жүрегі көрінетін ақкөңіл, әділ адамдармен бірге жұмыс істедім. Сол жылдар, кейін де байқағанмын: қоғам өмірінің айнасы болып саналатын журналистиканың қыры мен сырына қанық қылатын афоризмдер жинағы тектес бірде-бір басылым жарық көрмеді. Сол олқылықтың орнын толтыру ниетінен бе, осы бір жұмысты қолға алдым. Оның бер жағында тәуелсіздік таңы атты, еліміздің саяси өмірі күрт жанданып, журналистика жайлы жиған-тергендеріме саясат тақырыбына қатысты нақыл сөздер қосылды. Ал, тәржімалау барысында аударманың академиялық дәлдігі үшін өткен жолдардың өрнек-түйіні, бұқаралық ақпарат құралдарында – газеттерде, телевизияда, радиода күн сайын тынымсыз еңбек етіп жүрген аты беймәлім қарапайым қаламгер әріптестеріме деген құрмет пен алғыс сезімінен туындаған ескерткіш дүние.

Кітапта негізінен Батыс елдері мен көршілес Ресейдің озық ойшылдарының бұрын-соңды жарыққа шықпаған афоризмдері жинақталған. Сондай-ақ, жалпы қазақ оқырманына тосындау болып көрінетін “Мэрфи заңдар”

тектес батыстық ойлау үлгісіне тән ой-пікірлердің алғаш рет көрініс тапқанын атап өту қажет. Бір қарағанда жинақ беттерінде қазіргі заманғы қазақ авторларының қанатты сөздері аздау болып көрінуі де мүмкін. Ол да ғажап емес, себебі журналистика мен саясат – отандық афористер үшін әлі де көп аса түрен түспеген, тың тақырып болса керек. Бір өкінішті жәйт, кейбір авторлар жайлы өмірбаяндық деректерді табу мүмкін болмады, сол үшін оқырмандардан кешірім сұраймын.

Осы баспа туындысы әрбір зиялы да, зерделі замандасымның “Қоғам – Адам – Сана” векторындағы рухани ізденісіне қозғау сала білсе, онда мен өз борышымды ақтадым деп санар едім.

**Н. Балмаханұлы**

# ӘЛЕМДІ ШАРЛАҒАН АФОРИЗМДЕР

- Тілі екеудің – ділі екеу.

*Кердері Әбубәкір.*

- Тіл бар болмысымен – символизм.

*Альфред Уайтхед.*

• Тілдер – табиғи организмдер. Адамның еркіне тәуелді болғанмен, олар белгілі бір заңдылықтарға сәйкес туып, өсіп-өнеді, қартайады және өледі.

*А.Грюн.*

• Тіл – статистикалық және үнемі өңін өзгертіп отыратын өнім. Белгілі нормаларға сүйене отырып, әркім тілді өзінше қабылдап, өзінше пайдаланады: тілге қосары болса, қосады; тарылтады не байытады.

*Поль Валери.*

• Тілдің жақсы-жаманы болмайды... Себебі тіл де – айна, оған өкпелеу – ақымақтық.

*Сергей Довлатов.*

- Газет – тарихтың бірінші көзі.

- Газет – тарихтың бірінші шимайжазбасы.

*Филип Грэм.*

- Газеттер – тарихтың секундтық стрелкалары.

*Шопенгауэр.*

- Күнде ертеңгісін газет оқу – таңғы мінәжат іспеттес.

*Фридрих Ницше.*

- Баспасөз – қағаз бетіндегі ар-ождан.

*Малколм Маггеридж.*

\*\*\*

- Қағаз – ең сенімді ақпарат таратушы.
- Ақпаратсыз қозғалыс жоқ, қозғалыссыз ілгері басу жоқ.

\*\*\*

- Ақпарат таусылғаны – ақырзаман туғаны.

*Виктор Коняхин.*

- Таза, ақ парақтан асқан астыртын мағынасы мол дүние жоқ.

*Александр Морозов.*

- Адамзат баласы қолданатын ең күшті есірткі – сөз.

*Редъярд Киплинг.*

- Баспасөзге нанғыштық – осы әлемдегі ең құдіретті соқыр сенімдердің бірі.

*Людвиг Маркузе.*

- Журналистер – өз дәуірінің кіндік шешелері де, қабіршілері де.

*Гуцков.*

- Журналист – қаламмен жұмыс істейтін көше тазартушы.

*Наполеон.*

- Атақты адамдардың атын шығарған – жаңалықтар, ал жаңалықты енді олардың өздері жасайды.

*Дэниэл Бурстин.*

• Тілші: “Сіз қашан да асау толқын жалынан көрінесіз. Оның себебі неде?” Эрнест Резерфорд: “Өйткені сол толқынды өзім көтеремін”.

• Түзу қалам қисайған, өткір қалам мүжілген заман..

*Әлихан Бөкейханов.*

• Ұлт жұмысы – үлкен жұмыс. Басқадан кем болмау үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жалықпай жұмыс істеу керек.

*Ахмет Байтұрсынов.*

• Мен, Лев Гумилев терминологиясын пайдалансақ, Қазақстан пассионарлық даму кезеңінде тұрғанына сенімдімін.

*Нұрсұлтан Назарбаев.*

• Нағыз реформатор, шынтуайтында – трагедиялық тұлға. “Төменнен” де, “жоғарыдан” да қарғаулардың ауыртпалығын ол бір өзі жападан-жалғыз көтереді, өйткені ол сол екі жақтың екеуінің де мүдделерін қозғап, тыныштығын бұзған адам.

• “Мен – қазақпын!”- дегеннен қазақ бола қоймайсың.

*Нағашыбай Шәйкенов.*

• Ілімің бар екен – білімің әлдеқалай, қағуың бар екен – халқыңа жағуың әлдеқалай, айлаң бар екен – халқыңа пайдаң әлдеқалай, жорғалығың бар екен – халқыңа қорғандығың әлдеқалай, заттығың бар екен – халқыңа қымбаттығың әлдеқалай?!...

*Мағал ділмар.*

• Антикалық әлемнің қақпасында “Өзінді таны!” деп жазылған екен. Қазіргі заманғы әлемнің қақпасына “Біртоға бол, өзінді жоғалтып алма!”- деп жазып қою керек.

*Оскар Уайльд.*

• Біз тал шаңырақтың астында туып, тал бесікте жатқандардың соңымыз...

*Әбіш Кекілбайұлы.*



• Рухани жұтандықтың ұлғаюына байланысты әлемде адам жанының инженерлеріне деген сұраныс төмендеп кетті.

*Валентин Домиль.*

• Насихат – алдау-арбау өнері. Ал жиі алданатындар – насихаттаушылардың жаулары емес, жақтастары.

*Фрэнсис Корнфорд.*

• Қазіргі заманғы саясаткерлердің тірлігіне қарап, олардың түсінігінше насихат өнері жарнама өнерімен тікелей байланысты ма деп ой түюге болады.

*Бертран Рассел.*

• Насихат – монолог. Оған жауаптың қажеті жоқ, оның іздегені – жаңғырық.

*Уистен Хью Оден.*

• Публицистика – мәңгіліктің қас-қағым сәтпен махаббат ойыны.

*Виктор Кротов.*

• Журналистика – өзің түсінбейтін нәрсені басқаларға жеткізе білу өнері.

*Алфред Нортклиф.*

• Саясаткерлер жарқын болашағымыз туралы, тарихшылар өткен жарқын кезеңдеріміз туралы, ал журналистер жарқын бүгініміз туралы қам жейді.

*Жарко Петан.*

• Журналистер болған жәйттердің айла-әдісін ашып, оларды біз оқиғалар мен фактілердің хроникасы ретінде қабылдайтындай пішін беріп, алдыңғы шепте еңбек етіп келеді. Олардың құралы – сөз бен бейне, олардың ұстанымы – өз ой-сезімін еркін білдіру, ал олардың жүргізіп жатқан жұмысы, жеке адам болсын, жалпы қоғам болсын, біздің барлығымызға күш береді, жігерімізге жігер қосады.

*Кофи Аннан.*

• Журналистер қоғамдық пікір туралы қоғамды хабардар етеді.

*Лешек Кумор.*

• Журналистер айтатын ештеңесі болмаған соң жазады; дегенмен де, жазатындары болғандықтан, олардың айтатындары да жоқ емес.

*Карл Краус.*

• Біз ҚАЛАЙ жазамыз – ол маңызды емес, біз НЕ жазамыз - сол маңызды.

*Лессинг.*

• Журналист – әлемдегі ең еңбекқор еріншек.

*Дэвид Рендалл.*

• Қазіргі заманғы журналистиканы қорғап көп уәжайтуға болады. Басқасын былай қойғанда, оқымаған адамдарға үн қосу мүмкіндігін ұсына отырып, бұқаралық ақпарат құралдары бізді қоғамдық надандықпен таныстырады.

*Оскар Уайльд.*

• Бұқаралық ақпарат құралдарының қаупі жаппай қырып-жою құралдарының қаупінен бір де кем емес.

*П.Л.Капица.*

• Мен жүз найзадан гөрі үш газеттен қорқамын.

*Наполеон.*

• Байсалды саясаткер менің іс-әрекеттерім баспасөз бетінде нашар баға алып қалуы мүмкін-ау деген қауіп-қатерден қорықпауға тиіс.

*Нұрсұлтан Назарбаев.*

• Сіз жұрттың бәріне бірдей жағуға тырыссаңыз да, бәрібір міндетті түрде біреуге ұнамай қаласыз.

*Дональд Рамсвельд.*

• Журналистика қоғаммен бірге өмір сүріп, қоғаммен бірге тыныстайды. Қоғам тірлігінің тамыры қиылса, журналистика да бітіп тынады.

*Н. Михайловский.*

• Билік басындағыларға бір табан жақын болу журналист үшін тозақпен бірдей. Өткенімнен көңіліме түйгенім, көзім жеткені: объективті жазатын журналистке президентпен достасуға тіпті де болмайды.

*Уолтер Линнман.*

• 1870 жылы бір журналисті аванпосттан өткізбей қойыпты. “Ах, солай ма?- депті ол сонда айқай салып. - Олай болса, біз соғыс жайлы жазбаймыз!”

*Жюль Ренар.*

• Мен соғыс аяқталғанша баспаға ештеңе жібермес едім. Сосын тек кім жеңгенін ғана хабарлар едім.

*Бір американдық цензор (1943 ж.).*

• Президентті микроскоппен қарау – прессаның міндеті, бірақ бұлар анайылық танытып, проктоскоппен де зерттейді ғой.

*Ричард Никсон.*

• Мен журналистерден сескенемін. Меніңше, олар менің сұхбатымды баспаға менімен кездесуден бұрын беріп қойғандай. Маған өздері сауал қойып, өздері жауап берген секілді.

*Джина Лоллобриджида.*

• Егер АҚШ Президенті баспасөзді бақылай алатын болса, оның жұмысы анағұрлым жеңіл болар еді.

*Эйприл Гласпи.*

\*\*\*

• Қауырсын қаламдар зеңбіректерден гөрі алысқа атады.

• Он долларды қаруға бергеннен гөрі бір долларды баспасөзге жұмсаған пайдалы: қарудың тіпті дыбысы шықпай қалуы мүмкін, ал баспасөз таң атқаннан түн ортасына дейін ауыз жаппайды.

\*\*\*

• Кез келген журналистің саясаткерлер туралы айта алатынын саясаткерлер қиялында да айтуға жоқ.

*Макс Лернер.*

• Сіз, қашан да болсын, күлімсіреп отырған “Джоконданы” көрдіңіз бе? Мен саясаткерді тындап отырған журналисті көргенде әркез сол бейнені есіме аламын.

*Роберт Орбен.*

• Билік жөнінде не жалған, не шындықты айту керек.

*Геннадий Малкин.*

• Газет – ұлы күш, бірақ та еш кедергісі жоқ жойқын тасқынның жағадан асып, егінді жоятыны сияқты журналистің бақылауға бағынғысы жоқ жүйрік қаламы тек бүлдіруге, күйретуге әкеліп соқтырады. Сырттан бақылаудың себеп-салдары бақылаусыздықтан да бетер болады. Бақылау іштей жасалса ғана пайда әкеледі.

*Махатма Ганди.*

• Біздің әрқайсымызда астыртын “Уотергейт” те жоқ емес.

*Билли Грэм.*

• “Ұйықтап жатқан итке тиме”, – деген нақылдың жаны бар. Егер қауіптен аман қалам десең, газетшілерге тиіспе.

*Марк Твен.*

• Газетшілер ереуілге шығып жатқанда мен өзімді-өзім өлімге қия алмаймын.

*Бетти Дейвис.*

• Журналистер ішіп-жеуге ештеңе болмай қалғанда, тістелей бастайды.

*А.В.Иванов.*

• Өткір жазылған памфлет садақтың улы оғы тәрізді. Ол адамды жаралап қана қоймай, жараны жазылмайтын кеселге айналдырады.

*Джозеф>Addисон.*

• Кейбір сын мақалаларды тапсырыс беруші түймелерінен жасалған түйелерге ұқсатамын.

*Л.И.Лагин.*

• Қазіргі заманғы ақпарат құралдарының бір жақсылығы сол, олар бүкілжаһандық ауқымда күнкілдеуге мүрсат береді.

*Лоуренс Питер.*

• Құралың болсын, ал бұқаралық ақпарат табылады.

*Валентин Домиль.*

• Шынайы ақпарат кез келген тексеруден қысылмай-қымтырылмай өтеді.

*Беркли.*

• Журналист – ақиқатқа апаратын жолды өз топшылауымен салып, сосын оны өзі, өз сөздерінің кесірлі дауылымен бұзатын адам.

*Амброз Бирс.*

• Баспаға өтетін түкке тұрғысыз қауесеттер таралуы қиын ортада одан сайын қаулай түседі.

• Ұсақ адамдар ғана ұсақ материалдардан қорқады.

*Бомарше.*

• Ақпараттың таралуына қойылатын шектен тыс ресми шектеулер түбінде барлық мүдделі тұлғалардың өздерін-

өздері алдаусыратуы болып табылады, әрі олардың бас ауруына себепші болады.

*Джон Кеннеди.*

- Жасырын дерек көздеріне көбірек сенеміз.

*Нессен.*

- Ұсақ қаріппен басылғандар ешқашан да жақсы хабар әкелмейді.

*Уайт.*

\* \* \*

- Сіздің басылымыңызға жаңадан жазылушыны тапқан минөтіңіз – сіздің сол жазылушыдан айрыла бастаған мезетіңіз болады.

\* \* \*

- Қаншалықты орын тапшы болса да, кез келген газет басқа газеттің бөлшек саудадағы бағасының қымбаттағаны туралы материалды басуға мүмкіншілік табады.

*Зеллар заңы.*

- Курсивпен басылған сөздер түзу қаріппен басылған сөздерге қарағанда анағұрлым әділетсіз болып келеді.

*Козьма Прутков.*

- Мен газеттен оқығанымға ғана сенемін.

*Уилл Роджерс.*

- Халық: ол есімдері газет беттерінен түспейтін тұлғалардан ғана тұрмайды.

*Уилсонның демографиялық заңы.*

- Егер де газет мақаласы сіздің тыныштығыңызды бұзса, демек, оның авторы байып кетеді немесе атағы шығады (немесе осы айтылғанның екеуі де орындалуы мүмкін).

*Хагерти заңы.*

• Әлемде не болып жатқанын газеттен оқып, түсінуге ынталану – тек қана секундтық стрелкалары бар сағат бойынша уақытты білуге тырысумен пара-пар.

*Бен Хекттың газет оқу заңы.*

• Ақпарат – демократияның негізгі валютасы.

*Ралф Нейдер.*

• Идеология – жанды дүниетанымды сериялық протезбен алмастыру.

*Виктор Кротов.*

• Насихат – өзің сенбесең де, басқаны сендіре білу өнері.

*Абба Эван.*

• Насихат – шайтанды тұяқсыз, мүйізсіз суретке түсіру өнері.

*Ханс Каспер.*

\*\*\*

• Пресса – тамаша қызметші әйел, бірақ жексұрын ханым.

\*\*\*

• Журналист – газеттің бос жерін күн сайын толтырып отыру қабілеті бар адам.

*Дейм Уэйст.*

• Асығыстық журналистке желік береді, делебесін қоздырады. Уақыты болсыншы – ол өйтіп жаза алмас еді, нашар жазар еді.

*Карл Краус.*

• Ол фактілердің соңынан спорттағы карьерасын жана бастаған конькиші сияқты жансебіл боп жүгіреді де жүреді және тыйым салынған жерлерде жаттығады.

*Франц Кафка.*

• Журналист – жұрттың білмейтін нәрсесін біліп алып, оны білуге ықыласы жоқ бей-жай адамдардың назарына ұсынатын кәсіп иесі.

*Уолтер Уинчелл.*

• Тарихшы – көбіне өткенді саралаушы журналист.

*Карл Краус.*

• Журналистика – ол да кеселдің бір түрі. Журналист талантты болса, науқасы да қатты болады. Ауруынан жартылай айыққан журналист – сыншы. Ал егер журналист осы сырқаттың созылмалы түріне шалдықса, жазушы болғаны.

• Тойынған журналист өз дарынын мүлдем жоғалтып, ауруынан құлан-таза айығады.

• Дарынсыз журналистер ғана өздері жазады: дарынды журналистер өздері ештеңені жазбайды – оларға Тәңір немесе шайтан дем беріп, оқып тұрады.

• Журналистке мықтылардың көлеңкесі түсіп тұрады, бірақ олар құласа, тұғырларымен бірге журналистің үстіне құлауы мүмкін.

*Владимир Лебедев.*

• Редакцияда: “Мұнда обаның бездік түріне қарсы ем табылыпты деген хабар бар екен. Сіз білесіз бе – біздің партия обаға қарсы ма, жақ па?”

*Карел Чапек.*

• Журналист қызға үйленген еркек өмір бойы оған сұхбат берумен болады, бірақ өзі одан бірде-бір сұхбат ала алмай өтеді.

• Журналистің әзіл сезімі бірнешеу болуы тиіс, себебі осы тұрғыдан алғанда әр редактор өзінше сезінеді, өзінше ұғынады және олардың оған қоса алмасып тұратынын да ескеріңіз.

*Владимир Лебедев.*



- Газет – сатқын ойлардың харам да, лас ордасы.

*Оноре де Бальзак.*

• Журналистің оजारлығы мен тұрпайылығын ешкім де кешірмейді, алайда сұхбат берушілердің өркөкіректігі мен қисаңын журналистен басқа ешкім көрмейді де.

• “Мен – тәуелсізбін! О, жаратқан, мен ақыры тәуелсізбін!” – журналистке қойылған құлпытастағы жазу.

*Владимир Лебедев.*

• Тәуелсіздік туралы декларация әлі ешкімді шын мәнінде тәуелсіз ете алған жоқ.

*Джордж Сантаяна.*

• Жанқиярлық заң жүзінде қудалануы тиіс. Өйткені біреудің құрбан болуының арқасында аман қалғандар арсыздарға айналады.

*Оскар Уайльд.*

• Журналист – космополит. Оның жазғандары қай жерде басылса, сол жер – оның Отаны.

• Журналистке аз төлейтін адамның күндердің бір күнінде оның мақаласының кейіпкеріне айналуы мүмкін.

*Владимир Лебедев.*

• Біздің журналист ақшаны да алады, шындықты да жазады.

*Всеволод Богданов.*

\*\*\*

• Саперлер өз өмірінде бір-ақ рет қателессе, журналистер екі рет қателеседі: бірінші – жарық дүниеге келгенде, екінші рет – кәсіп таңдағанда.

\*\*\*

• “Біздің көңілді заманда...”, – деп басталатын басмақаланы тағатсыздана күтемін.

*Габриэль Лауб.*

• Мен әрқашан да газетті спорт жаңалықтарынан бастап оқимын, өйткені мені адамзат баласының жетістіктері қызықтырады, ал бірінші беттегі оқырманның көңіліне қаяу түсіріп, әрі-сәрі күйде қалдыратын суық хабарлардың кімге және не қажеті бар екенін түсінбеймін.

*Эрл Уоррен.*

• Арнаулы “Спорт” беттері адамзат баласының дәрі-дәрмек жасау саласындағы жетістіктерінен де хабардар етеді.

*Евгений Кащеев.*

• Газеттерде жазылып жатқандай, бәрі де жұтап қалған күнге жетуден құдайдың өзі сақтасын!

*Уилл Роджерс.*

\*\*\*

• Мәселе тіршіліктің барынша нашарлағанында емес, мәселе оқиғалардың анағұрлым жариялылығында.

\*\*\*

• Кәрі Рокфеллер үшін ойдан шығарылған жаңалықтармен толтырылатын арнаулы газет жарық көрген екен. Кейбір елдердің мұндай газеттерді миллиардерлер үшін ғана емес, барша халыққа арнап шығаруға жағдайы бар.

*Станислав Ежи Лец.*

• Саясаткерлер мен журналистерге тән бір ортақ кемшілік бар: олар бүгінгі айтқанының мағынасын ертеңіне ғана ұғады.

*Гельмут Шмидт.*

• Саясаттағы шындық – пасквиль.

*Уильям Хэлитт.*

• Бір өтірік – бір өтірік, екі өтірік – екі өтірік, үш өтірік – саясат.

*Еврей нақылы.*

• Егер, әрине, Сіздің өтірікті шындай етіп айта алатындай таланттыңыз болса, онда адалдық – ең үздік саясат.

*Д.К.Джером.*

• Ең үлкен өтірік – ең үлкен мінбеден айтылған өтірік.

*Қадыр Мырза-Әлі.*

• Әрине, демагогиялық саясат кейде табысқа қол жеткізеді, бірақ бұл табыс өткінші, баянсыз табыс... Ерте ме, кеш пе, құрғақ уәделердің арты наразылық пен бүлікке әкеліп соқтырады. Түптеп келгенде, адал саясаткерлер ғана ұзақ мерзімді жеңіске ие болады.

*Андре Моруа.*

• Жасы жетпістен асқан немесе президент болудан үміті жоқ саясаткердің аузынан сіз әрқашан да шындықты ести аласыз.

*Уэнделл Филлипс.*

• Саясат – қандықол спорт.

*Анайрин Беван.*

• Үлкен футбол саясатқа ұқсайды. Бірақ үлкен футбол, сөз жоқ, тазалау. Өйткені мұндағылардың өз аяғымен қозғалуы керек.

*Юрий Лужков.*

• Домино ойыны – ұсақ саясаттың елесі мен мектебі.

*Проспер Мериме.*

• Өмір – шахмат партиясы. Партия аяқталған соң, корольдар да, пешкалар да бір жәшікке салынады.

*Сервантес.*

• Президент постына қол жеткізуге қабілетті кез келген адамға, не десеңіз де, сол жұмысты сеніп тапсыруға болмайды.

*Дуглас Адамс.*

• Либералдарды жек көремін: әрбір он жағдайдың тоғызында олар жасықтық танытады, ал әрбір оныншы жағдайда өздерінің бәтуасыздығын әйгілейді.

*Генри>Addингтон.*

• Саясаткер – акробат. Ол тепе-теңдікті қалай ұстайды? Сөзі – мынау, ісі – анау!

*Морис Баррес.*

• Елді басқару жолдарын білетіндердің барлығының да таксист немесе шаштараз болып жұмыс істеп, қолдарының босамай жүргені өкінішті-ақ!

*Джордж Бёрнс.*

• Бір қойды артқы екі аяғына тік тұрғызып қоюға болады, бірақ ол бәрібір адам болмайды. Алайда бір отар қойды артқы аяқтарына тік тұрғызып, адамдар тобырын жасауға әбден болады.

*Макс Бирбом.*

• Соғыс – тілдің көмегімен шешуге келмейтін түйінді тістелеп шешу тәсілі.

*Амброз Бирс.*

• Американдықтардың жартысы ешқашан да газет оқымайды. Американдықтардың жартысы ешқашан да президент үшін дауыс бермейді. Осы топтың екеуі де сол жартыдан табылса етті!

*Гор Видал.*

• Вице-президенттің орны табақтағы соңғы пирожныйды еске түсіреді. Оны ешкім қолына алмауға тиісті деп ойлаймыз-ау, бірақ қашан да біреу оны ұстап ала кетеді.

*Билл Воан.*

• Отставкаға шығам деп бір емес, төрт мәрте мәлімдеген саясаткер міндетті түрде отставкаға жіберіледі.

*Джон Гэлбрейт.*

- Конгрестің немен айналасатынында менің шаруам жоқ. Тек онымен көшеде айналысып, аттарды үркітпесе болғаны.

*Виктор Гюго.*

- Бала кезімде кез келген адам президент бола алады деп естігем. Міне, енді соған көзім жетіп келеді.

*Стюар Дарроу.*

- Заң шығарушылардың ымырашылдығы бірінші ретте салық төлеушілердің қалтасына ауыр соккы болып тиеді.

Салдары: кез келген баламаға қарағанда ымырашылдық кашан да қымбатқа түседі.

*Дедлок заңы.*

- Заң шығарушы органның мәжілісі жүріп жатқан кезде кез келген адамның өміріне, бостандығына және жеке меншігіне қауіп төнеді.

*Жакен.*

- Демократия: кез келген ержеткен кісі президент бола алады, ал есеймегендер – вице-президент бола алады.

*Джонни Карсон.*

- Репортер саясаткерге тек жоғарыдан төмен қарай қарау керек.

*Кент заңы.*

- Халықтық партияның қатарынан дер кезінде табылу пайдалы да.

*Козьма Прутков.*

- Кез келген Үкімет – Уақытша.

*Л.Л.Крайнев-Рытов*

- Үлкен халықтар қарақшылар сияқты, ал кіші халықтар жезөкшелер сияқты әрекет етеді.

*Стэнли Кубрик.*

- Саясаткердің қолына қала кілтін ұстатқанша, құлыптарды алмастырған жөн болар еді.

*Дуг Ларсон.*

- Комитет – артқы аяғы төртеу болып келетін жануар.

*Джон ле Карр.*

- Сенің түп-тамырың генетикаға, ал кім болатының саясатқа байланысты.

- Адам жейтіндердің өздері жеп қойған адамдардың атынан сөйлеуге құқығы бар ма?

- Жарық дүниеге келген кез келген адамның құйрығы таққа отыруға қолайлы болып жаратылған.

- Диктатураның механизмі перпетуум-мобиле тәрізді деп ойлайсыз ба?

- Көздеріне қалқан кигендер қалқанға қоса жүген мен камшыны ала жүргей.

*Станислав Ежи Лец.*

- Көшелердегі қоқыстың мөлшері жұмыссыздықтың жергілікті деңгейіне пара-пар.

*Ллойд-Джонс.*

- Әйелдердің аузына тыным жоқ дейміз-ау. Егер сіз парламентте жұмыс істеген болсаңыз, онда бұл обструкцияны ерлердің ойлап тапқанын тым жақсы білесіз.

*Клэр Бут Люк.*

- Дипломат деген кім? «Қазір сағат неше болды?» - деп сұрасаңыз, «Менің ойлануым керек», - деп жауап кататын адам.

• Сайлау алды компанияларында берілетін «Өмір жақсарады!» – деген уәде әрқашан да орындалады, әдетте – сайланғандар үшін.

• Бұқараны басқару үшін оны болашағыңыз – жарқын, ал өткеніңіз – қараңғылық деп сендіре білу керек.

*К.С.Мелихан.*

• Демократия – маймыл торының аржағынан циркті басқару өнері және ғылымы.

*Генри Луис Менкен.*

• Әрине, жергілікті билікте сұғанақ қолды адамдар бар. Алайда ондай адамдар федералдық үкіметте де отырған жоқ па?

• Президент не істесе де – заңды.

*Ричард Никсон.*

• Біз неге ел президентін бар болғаны екі кандидаттан, ал Америка аруын елу үміткердің ішінен таңдаймыз. Неге бұлай?

• Біздің заманда саясаткер шындықты бір ғана жағдайда айтады. Екінші бір саясаткерді өтірікші деп әшкерелегенде.

• Жолы болғыш саясаткер бұқараның көз алдынан таймаудың, әрі оны мезі етпрудің құпиясын жақсы біледі.

*Альфред Ньюмен.*

• Биліктен таймау үшін берік қолдан гөрі берік құйымшақ қажеттірек пе деймін.

*Хосе Ортега-И-Гасет.*

• Үкіметке ақша мен билікті беру – жасөспірімге виски мен автомобиль кілтін ұстатумен бірдей.

- Үкімет билігі: Вашингтонның қалай жұмыс істейтіні жұмбақ емес, оны тоқтауға қалай мәжбүрлеуге болады – міне, сол жұмбақ.

- Егер сауда-саттық үдерісі заңнамамен меңгерілетін болса, онда ең бірінші болып сатып алынатындар да, сатылатындар да – сол заң шығарушылардың өздері.

*П.Дж.О Рурк.*

- Құрама Штаттардың сенаты туралы менің бар айтарым: сенат мәжілістері дұға оқумен басталып, тергеу ісімен аяқталады.

- Соғысты аяқтау үшін солдаттар қаншалықты маңызды болса, соғысты бастау үшін дипломаттар да соншалықты маңызды... Соғыстан дипломаттарды алып тастаңызшы – соғыс бір апта ішінде аяқталады.

- Мен әзіл-оспақ дегеннің не екенін білмеймін. Менің бар бітіретінім: үкіметтің іс-қимылын бақылап, фактілерді баяндау ғана.

- Мен бірде-бір саяси партияның мүшесі емеспін! Мен демократпын!

- Саған тұтастай бір үкімет қызмет етсе, әзілкеш болу – шаруаның ең қиыны.

*Уилл Роджерс.*

- Халық қызметшілері – өмір қожайындары.

*Ю.З.Рыбников.*

- Демократия дегеннің не екенін түсінгісі келетіндердің кітапханада Аристотельмен тілдесуді азайтып, автобус пен метрода көбірек болғаны абзал.

*Симеон Струнски.*